

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
«Алматы облыстық білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің
Талғар политехникалық колледж мемлекеттік коммуналдық қазыналық
кәсіпорны

Келісілді
Колледж әдіскері
Б.Нуптекеева

Бекітілді
директордың ОЖ
орынбасары
Бейсембаева Е.Қ

“Қыз бала - ұлттың ұяты, халықтың шырайы

(кездесу кеш)



Жауапты: Жырғалбаева Ф.Ш

ПЦК меңгерушісі: Қойгельдиева Ә.Д _____

Талғар 2018ж

Тақырыбы: “Қыз бала - ұлттың ұяты, халықтың шырайы”

Мақсаты: Халықтық тәлім-тәрбие негізінде қазіргі қазақ қыздарының бойында жан сұлулығын қалыптастыру жолдарын көрсету, адамгершілікке үндеу

Түрі: сұрақ – жауап, пікірталас, «Тілек айту» тренингі

Көрнекілігі: мақал – мәтелдер, нақыл сөздер, слайд, буклеттер

Жүргізуші:

Қайырлы күн қадірлі қонақтар мен ұстаздар және студенттер! «Қыз ұлттың ұяты, халықтың шырайы» кездесу кешімізге қош келдіңіздер! Бүгінгі кешімізге арнайы қонақтарды шақырып отырмыз. Таныстыруға рұқсат етіңіздер! Колледжімізде көп жыл еңбек еткен ұлағатты ұстаздарымыз зейнеткер апайларымыз Ақботаева Зейнеп Сабаншықызы, Абиљчанова Жақсыбала Асылбекқызы.

Жүргізуші:

Қазіргі таңда қыз тәрбиесіне ерекше мән беруді қажет етіп келеді. «Ұлт тәрбиелі отырып, жер тәрбиелейміз, қыз тәрбиелей отырып, ұлтты тәрбиелейміз» деген халқымыз. Қазақ халқы «Қыз» деген сөздің өзін әдеміліктің, инабаттылықтың, сұлулықтың, нәзіктіктің, сыпайылықтың белгісі деп таныған. Халқымыздың халық ауыз әдебиетінде көптеген ақындарымыз,

жазушыларымыз, қыздарымызға көптеген керемет суреттемелер, өлеңдер жазған Сондай-ақ қыз баланың ұқыптылығын, шеберлігін, сүйкімділігін, әдемілігін, жанының нәзіктігін, өнер, білімге бейім тұратынын жоғары бағалап, оның ол қасиеттерін бейнелі сөздер арқылы ерекше көрсеткен екен.

Артымызда өсіп келе жатқан сіңлілеріміздің өзі есепшіл, өркөкірек, сезімге сенбей «ақшаға» ғана сенетіндер саны көбею үстінде. Тәрбиені ата-анасынан емес, теледидар, компьютерден алып келе жатқан жастар буыны қалыптасу үстінде. Кейбір ата-ананың баласымен араласуға да уақыты жоқтың қасы десек болады. Осыдан барып бала әке-шешесінен суып, оларға деген сыйластықтан мүлдем қала береді. Бала кезінен жылылық сезім, мейірімділік көрмеген адам баласы қатыгездікпен өседі. Жүрегін бойлаған суық ызғардың өшін өзгелерден алатын жандар болып келеді. Сондықтан бұл да ата-ананың жылылығын, жақындығын жастар тәрбиесіне әкеліп соғады. Қазір, жасыратын не бар, бұрын дәстүрімізде болмаған сүреңсіз жағдайлар бой көрсету үстінде. Қаладағы қазақ қыздарының көбісінің өзі бір-бірімен орысша сөйлеседі. Өзінің қазақ тілінде сөйлеуге талпынбайтыны өз алдына, кейбіреулері тіптен оны намыс көретіні бар. Күнделікті өмірдегі көріністерге бір сәт назар аударайықшы.

«Ой қозғау» (сұрақ – жауап)

Біз қыз баланың бойынан нені көргіміз келеді?

1. Нәзіктік пен сұлулықты, ұяндық пен инабаттылықты, сыпайылықты, әдемілік пен ұялшақтықты, өнерпаздық пен іскерлікті, шеберлік пен ақ ниетті, ақкөңіл қасиеттерді

көргіміз келеді. Қазақ халқында «Қыз – елдің көркі, гүл - жердің көркі» деген мақал бар емес пе. Мақалдың мәні қыз баланың нәзіктігін, сүйкімділігін, әдемілігін салтқа беріктігін көрсетіп тұр.

Жүргізуші:

Қазақ отбасында басқа ұлттарға қарағанда, қыз бала тәрбиесі ерекше мән береді. Қазақ халқында қыз баланы ардақтап ұстаған, оның көңілін қалдырмаған, оған қарсы сөйлемеген, оны мәпелеп өсірген және де қатал ұстаған, қыздың тәрбиесіне ерекше көңіл бөліп отырған.

Ырым – тыйым – ұлағат көзі (қыздарға байланысты ырым – тыйымдарды кім біледі?)

2. Қыз баланың жақсы болып өсуіне оның өскен ортасына, бірге жүрген құрбы-құрдас тарының, дос-жарандарының да әсері өте күшті болады. Қазақтың «Қызың өссе, қызы жақсы мен ауылдас бол», «Қызға қырық үйден тыйым» деген нақыл сөздері сол өмір тәжірибесінен алынса керек. Сонымен қазіргі заманғы қыздардың бойынан: ақылдылық, инабаттылық, сыпайылық, сымбаттылық, көріктілік және де іскерлік қасиеттерді де табуға болады. Халқымыз «Өнерсіз қыздан без, өнегесіз ұлдан без» деген екен. Ұлы Абай атамыз «Ары бар, ақылы бар, ұяты бар ата-ананың қызынан қапы қалма» деген де сөзі бар.

Жүргізуші:

Демек, болашақ жас ұрпақты адамгершілігі мол, иманды, өнегелі, инабатты, өнерлі етіп тәрбиелеу - қазіргі отбасына үлкен міндет болып табылады. **«Сөз мәйегі – мақал мәтел»**

Қыз бала және оның тәрбиесі жөніндегі мақал – мәтелдер біздің өмірімізде ерекше орын алады. Енді сол мақал – мәтелдерімізге құлақ түрейік.

«Қыз өссе, елдің көркі, гүл өссе, жердің көркі»

«Қыз - өмірдің қызғалдағы»

« Қызды асырай алмаған күн етеді, ұлды асырай алмаған құл етеді.»

« Қыз қуыршақ, ұл – құлыншақ»

« Ұлың өссе, ұлы жақсы мен ауылдас бол, Қызың өссе, қызы жақсы мен ауылдас бол.»

« Қыз балаға қырық үйден тыйым»

« Қызым - үйде , қылығы – түзде»

« Қыз қылығымен әдемі»

«Қарындасын сыйламағанның қары сынсын.»

« Қыз мінезді жігіт екен.»

Жүргізуші:

Қыздар деген қызыл гүл ғой

Өсіп тұрған бақтағы

Қыздар деген әсем ән ғой

Айтылып болмаған әлі деп.

Бейне үзінді

Сөз кезегін бүгінгі кездесуге арнайы шақырған қонақтарымызға береміз. Ақбота ева Зейнеп Сабаншықызы, Абильчанова Жақсыбала Асылбекқызы

Жүргізуші:

«Жақсы әнді тыңдасақ, ой көзіңмен, Өмір сәуле көрсетер судай тұнық», - деп Абай а тамыз айтқандай кешімізді жақсы әнмен жалғастырайық

Ән: «Мен қазақ қыздарына қайран қалам» орындайтын – «KZ saund» байқауының жүлд егері Төлегенова Расима

Қорытынды

Ұлы даланың дана қыздарының бүгінгі жас ұрпағы елдіктің ұраншысы және и набатқа толы өмірдің қозғаушы күші болса екен дейміз қара көздеріміз. Өз халқын сү йе білген жас адамдардың бойында ұлттық намыс та, ұлттық рухта жарасымдылық та табылары анық. Жас өрендеріміз талшыбық сияқты. Оны аялап - мәпелесең, бәйтер ек болып өсері анық. Қыздарымыз саналы да тәрбиелі болып өссе, терең білім алса, жо ғарыда айтылған өрелі міндет биігінен көрінері сөзсіз.

Өзіміз аталмыш жастардың біреуі бола отырып, жастарды жамандыққа шақыр удан аулақпыз. Күнделікті жол үстінде тілі мен сипаты бұзылмаған, өнегесі мен и набаттылығы бойына жарасқан қаракөз апа - сіңлілерімізді топтап жолықтыруға болад ы. Ұлттық салт-дәстүрімізді, рухани қазынамызды өнегемізді, жоғалтпай заман ағымын ан қалмау - уақыт талабы. Өсіп-өркендеп келе жатқан біздің мемлекетіміздің тірегі ол - жастар! Ал біздің қазақ жастарымыздың баянды болашағына сеніміміз өте зор! - дей отырып «Қыз ұлттың ұяты, халықтың шырайы» атты кездесуімізді аяқтаймыз. Ке лгендеріңізге көп рахмет.

Қызға 40 үйден тыйым:

1. Жарыса сөйлеуге
2. Жалғыз қыдыруға
3. Жыртақтап күліп, сыпсындап сөйлеуге
4. Орынсыз ұрынуға
5. Басқаларға қол тигізуге
6. Өтірік, өсекке
7. Суық жүріс, сумаң қылыққа
8. Кісіге қарай керіліп есінеуге
9. Талтайып отыруға

10. Шалқайып жатуға
11. Тамақты обырлана асауға
12. Ұрлық-қарлыққа
13. Ұятты мүшелерін ашып жүруге
14. Бұрандап қылымсуға
15. Қызыл іңірде жатуға
16. Түске дейін ұйықтауға
17. Кісі алдында киім ауыстыруға
18. Салт-дәстүрден аттауға
19. Елді ғайбаттауға
20. Үлкендердің жолын кесіп, атын атауға
21. Ішімдік пен шегімдікке
22. Ұрыс-керіске
23. Беттен алып, бет жыртысуға
24. Қараулыққа, ысырапқа
25. Рақымсыздық пен қатыгездікке
26. Түнде суға жалғыз баруға
27. Жат жыныстармен араласып жатуға
28. Күйеуге қашып тиюге
29. Әдепсіз сөзге
30. Тарс-тұрс етуге
31. Адам мен жануарларды тебуге
32. Кісіні қорлап жәбірлеуге
33. Тәкәппарлық пен сайқымазақ жасауға
34. Айғай сүреңге
35. Шектен тыс сыланып жасануға
36. Қызғаншақтық пен күншілдікке
37. Менмендік пен өзімшілдікке
38. Алдап-арбауға
39. Көрсен қызарлыққа
40. Нәпсі құмарлыққа тыйым

